



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕЛЕРІ

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ СӨЗДІК

Системы менеджмента качества

ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ И СЛОВАРЬ

ҚР СТ ISO 9000-2017

*(ISO 9000:2015 Quality management systems –
Fundamentals and vocabulary, IDT)*

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕЛЕРІ

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ СӨЗДІК

ҚР СТ ISO 9000-2017

*(ISO 9000:2015 Quality management systems –
Fundamentals and vocabulary, IDT)*

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМК **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2017 жылғы 9 қазандағы № 274-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.**

3 Осы стандарт ISO 9000:2015 «Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер және сөздік» (Quality management systems - Fundamentals and vocabulary) халықаралық стандартымен бірдей.

ISO 9000:2015 халықаралық стандартын ISO/TC 176 «Сапа менеджменті және сапаны қамтамасыз ету» техникалық комитет, SC 2 «Сапа жүйелері» ішкі комитеті әзірлеген.

Ағылшын тілінен (en) аударылған

Негізінде осы стандарт дайындалған (әзірленген) және сілтемелер берілген халықаралық стандарттардың ресми нұсқалары* «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМК бар.

Сәйкестік дәрежесі - бірдей (IDT)

4 Осы стандартта «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603 ҚР Заңының, «Тілдер туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 ҚР Заң нормалары жүзеге асырылған

**5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2024 жылы
5 жыл**

6 «Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер және сөздік» ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ

«Осы стандартқа өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесіне, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіні ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз толық немесе ішінара жариялана, басыла және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Негізгі ұғымдар және сапа менеджментінің принциптері	1
2.1	Жалпы ережелер	1
2.2	Негізгі ұғымдар	2
2.3	Сапа менеджментінің принциптері	4
2.4	Негізгі ұғымдар мен принциптерді қолдану арқылы сапа менеджменті жүйесін әзірлеу	9
3	Терминдер мен анықтамалар	12
3.1	Тұлғаларға немесе адамдарға қатысты терминдер	12
3.2	Ұйымға қатысты терминдер	13
3.3	Қызметке қатысты терминдер	16
3.4	Процестерге қатысты терминдер	19
3.5	Жүйеге қатысты терминдер	21
3.6	Талаптарға қатысты терминдер	23
3.7	Нәтижелерге қатысты терминдер	26
3.8	Деректерге, ақпаратқа және құжаттарға қатысты терминдер	29
3.9	Тұтынушыларға қатысты терминдер	33
3.10	Сипаттамаларға қатысты терминдер	34
3.11	Анықтауға қатысты терминдер	36
3.12	Әрекеттерге қатысты терминдер	38
3.13	Аудитке қатысты терминдер	40
	А қосымшасы (анықтамалық) Ұғымдар арасындағы байланыс және олардың графикалық көрсетілімі	44
	Библиография	59

Кіріспе

Осы стандартта сапа менеджменті жүйелерінің (СМЖ) негізгі ұғымдары, принциптері мен терминологиясы, сонымен қатар сапа менеджменті жүйелеріне арналған басқа стандарттар үшін негіз жазылған. Осы стандарт сапа менеджменті жүйесін нәтижелі және тиімді енгізу үшін, сондай-ақ сапа менеджменті жүйесіне арналған басқа стандарттардан құндылық алу үшін, сапа менеджментінің негізгі ұғымдарын, принциптері мен терминологиясын түсінуде көмек корсетеді.

Осы стандарт ұйымға өз мақсаттарын жүзеге асыруда көмек көрсету үшін сапаға қатысты белгіленген негізгі ұғымдарды, принциптерді, процестер мен ресурстарды біріктіретін, құрылым негізінде нақты анықталған сапа менеджменті жүйесін ұсынады. Стандарт ұйымдардың көлеміне, күрделілігіне немесе бизнес-үлгісіне қарамастан олардың барлығына қолданылады. Осы стандарттың мақсаты ұйымдардың өз міндеттері және тұтынушылар мен мүдделі тараптардың мұқтаждығы мен үмітін қанағаттандыруға бейілділігі туралы хабардарлығын арттыруға бағытталған.

Осы стандартта 2.2-де сипатталған негізгі ұғымдарға сүйенген сапа менеджментінің жеті принципі жазылған. 2.3-те әрбір сапа менеджменті принципі үшін ұйымның принципке қатысты «Негізгі артықшылықтар» және принципті қолдану кезінде ұйым қолданатын «Ықтимал әрекеттер» принципін неге ұстануға тиістігін түсіндіретін «Тұжырымдама» берілген.

Осы стандартта ISO/TC 176 техникалық комитеті әзірлеген сапа менеджменті саласындағы барлық стандарттарда және сапа менеджменті жүйесіне арналған стандарттарда, сонымен қатар жариялау сәтінде СМЖ қатысты стандарттар негізінде сапа менеджменті жүйесіне арналған басқа салалық стандарттарда қолданылатын терминдер мен анықтамалар жазылған. Терминдер мен анықтамалар концептуалды тәртіппен орналасқан, сондай-ақ осы стандарттың соңында алфавиттік көрсеткіште берілген. А қосымшасына оларды реттейтін ұғымдар жүйесінің диаграммалар кешені кіреді.

Ескертпе – ISO/TC 176 әзірлеген және сөздікте анықталған мәнге не сапа менеджменті жүйесіне қатысты стандарттарда жиі қолданылатын кейбір қосымша сөздерге сілтемелер [http://www.iso.org/iso/terminology used in iso 9000 family.pdf](http://www.iso.org/iso/terminology%20used%20in%20iso%209000%20family.pdf) мекенжайы бойынша қолжетімді глоссарийде берілген.

Сапа менеджменті жүйелері

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ СӨЗДІК

Енгізілген күні 2019-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт:

- сапа менеджменті жүйесін енгізу арқылы тұрақты табысқа ұмтылатын ұйымдар;

- ұйымның өз талаптарына сәйкес келетін өнім мен қызметті тұрақты жеткізін тұруға қабілетті екеніне сенімді болғысы келетін тұтынушылар;

- өзінің жеткізу тізбегіне және өздерінің өнім мен қызметтерге қойылатын талаптарын жеткізушілердің орындайтынына сенімді болғысы келетін ұйымдар;

- сапа менеджментінде пайдаланылатын терминологияның жалпы ұғымы арқылы өзара әрекетті жақсартуға ұмтылатын ұйымдар мен мүдделі тараптар;

- ISO 9001 талаптарына сәйкестігіне бағалау жүргізетін ұйымдар;

- сапа менеджменті саласында оқыту, бағалау немесе консультация жүргізетін жеткізушілер;

- тиісті стандарттарды әзірлеушілер пайдалана алатын сапа менеджментінің негізгі ұғымдары мен принциптерін белгілейді.

Осы стандарт ISO/TC 176 техникалық комитеті әзірлеген сапа менеджменті саласындағы барлық стандарттарда және сапа менеджменті жүйелеріне арналған стандарттарда қолданылатын терминдер мен анықтамаларды белгілейді.

2 Негізгі ұғымдар және сапа менеджментінің принциптері

2.1 Жалпы ережелер

Осы стандартта сипатталған сапа менеджменті ұғымы ұғымдары мен принциптері ұйымға соңғы онжылдықта болғаннан қатты ерекшеленетін қоршаған орта сындарына бүгін жауап бере алу мүмкіндігін ұсынады. Бүгін ұйым жұмыс істейтін орта жедел өзгерістермен, нарықтардың жаһандануымен және негізгі ресурс ретінде білімнің пайда болуымен сипатталады. Сапаның ықпалы пайдаланушының қанағаттану аясынан шығады: ол сонымен қатар ұйым беделіне тікелей ықпал етеді.

Қоғам мүдделі тараптардың ықпалын котере отырып, барынша білімді және талапшыл болады. Осы стандарт ұйымды кең мағынада қабылдауға мүмкіндік береді, ол үшін сапа менеджменті жүйесін (СМЖ) әзірлеуде

ҚР СТ ISO 9000-2017

пайдаланылуға тиісті негізгі ұғымдар мен принциптерді ұсынады.

Барлық ұғымдар, принциптер мен олардың өзара байланыстары бір бірінен ажырамастан толық қарастырылуға тиіс. Бірде бір ұғым немесе принцип басқасынан маңыздырақ болып табылмайды. Кез келген уақытта оларды қолданған жағдайда дұрыс балансқа қол жеткізу маңызды.

2.2 Негізгі ұғымдар

2.2.1 Сапа

Сапаға бағытталған ұйым тұтынушылар мен басқа сәйкес мүдделі тараптардың мұқтаждығы мен үмітін орындау арқылы құндылық жасайтын, мінез-құлығында, қарым-қатынасында, әрекеттер мен процестерде, көрінетін мәдениетті көтермелейді.

Ұйымның өнімі мен көрсететін қызметтерінің сапасы тұтынушыларды қанағаттандыру қабілетімен және сәйкес мүдделі тараптарға әдейі немесе абайсыз ықпалымен анықталады.

Өнім мен көрсетілетін қызмет сапасына функцияның тағайындалуы мен оның сипаттамасына сәйкес орындалуы ғана емес, сонымен қатар тұтынушылар үшін қабылданатын құндылыққа пен пайда да кіреді.

2.2.2 Сапа менеджменті жүйесі

Сапа менеджменті жүйесі ұйым қажетті нәтижелерге қол жеткізу үшін қажетті ресурстар мен процестерді анықтайтын және өз мақсаттарын белгілейтін әрекеттерден тұрады.

Сапа менеджменті жүйесі тиісті мүдделі тараптар үшін құндылықтарды қамтамасыз етуге және нәтижелерді іске асыруға талап етілетін өзара әрекет ететін процестер мен ресурстарды басқарады.

Сапа менеджменті жүйесі жоғары басшылыққа шешімдерінің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді салдарын ескере отырып, ресурстарды қолдануды жаңғыртуына мүмкіндік береді.

Сапа менеджменті жүйесі өнім мен қызметті ұсынуда әдейі немесе абайсыз салдарларға қатысты әрекеттерді сәйкестендіру үшін басқару құралдарын ұсынады.

2.2.3 Ұйым ортасы

Ұйым ортасын түсіну – процесс. Осы процесс аясында ұйымның мүддесіне, мақсаты мен орнықтылығына ықпал ететін факторлар анықталады. Бұл ретте ұйым қызметінің құндылығы, мәдениеті, білімі мен нәтижелері, секілді ішкі факторлар ескеріледі. Бұл процесте құқықтық, технологиялық, бәсекелестік, нарықтық, мәдени, әлеуметтік және экономикалық шарттар секілді сыртқы факторлар да ескеріледі.

Ұйым өз мүддесін көрсете алатын құралдардың мысалдары көрініс, миссия, саясат және мақсат болып табылады.

2.2.4 Мүдделі тараптар

Мүдделі тараптардың ұғымы тек тұтынушыға бағдарлану аясынан шығады. Барлық сәйкес мүдделі тараптарды ескеру маңызды.

Ұйым ортасын түсіну процесінің бөлігі оның мүдделі тараптарын сәйкестендіру болып табылады. Егер мұқтаждықтары мен үміттері ақталмайтын болса, ұйым орнықтылығы үшін айтарлықтай қауіп төндіретіндері тиісті мүдделі тараптар болып табылады. Ұйымдар осындай қауіпті төмендету мақсатында осы тиісті мүдделі тараптар үшін қандай нәтижелер алуынуы қажеттігін анықтайды.

Ұйым өзінің табысы тәуелді болатын тиісті мүдделі тараптарды тартады, ұстайды және сақтайды.

2.2.5 Қолдау

2.2.5.1 Жалпы ережелер

Жоғары басшылықтың сапа менеджменті жүйесін қолдауы және қызметкерлердің өзара әрекеті:

- адам ресурстары мен басқа ресурстардың қажетті мөлшерін қамтамасыз етуге;
- процестер мен нәтижелер мониторингін жүргізуге;
- қауіптер мен мүмкіндіктерді анықтауға және бағалауға;
- тиісті әрекеттерді қолдануға мүмкіндік береді.

Жауапкершілікке ие болу, күшейту, қолдау, ұлғайту және ресурстарды тарату ұйымға өз мақсаттарына қол жеткізуде көмектеседі.

2.2.5.2 Адам ресурстары

Персонал – ұйымның маңызды ресурсы. Ұйым қызметінің нәтижелері адамдардың өздері жұмыс істейтін жүйе аясында қалай жүретіндігіне байланысты.

Ұйымдағы персонал өзара әрекеттеседі және ұйымның қажетті нәтижелері мен сапа саласындағы саясатты жалпылай түсіну арқылы мүдделі болады.

2.2.5.3 Құзыреттілік

Сапа менеджменті жүйесі барлық персонал өз функциялары мен міндеттерін орындау үшін қажетті тәжірибе мен білім, дайындық, дағдыны түсінген және тәжірибеде қолданған жағдайда нәтижелі болады. Персоналға қажетті құзыреттілігін дамыту мүмкіндігін ұсыну жоғары басшылық жауапкершілігі болып табылады.

2.2.5.4 Хабардарлық

Хабардарлыққа персонал өз міндеттерін және өз әрекеттерінің ұйым мақсатына қол жеткізуге себепші болатындығын түсінгенде қол жеткізіледі.

2.2.5.5 Ақпаратпен алмасу

Жоспарланған және нәтижелі ішкі (барлық ұйым бойынша) және сыртқы (тиісті мүдделі тараптармен) ақпаратпен алмасу персоналдың өзара әрекеттерін жақсартады және төмендегілер жайлы ұғымын молайтады:

- ұйым ортасы;
- тұтынушылар мен басқа тиісті мүдделі тараптардың мұқтаждықтары мен үміті;
- сапа менеджменті жүйесі.

2.3 Сапа менеджментінің принциптері

2.3.1 Тұтынушыға бағыттау

2.3.1.1 Тұжырымда

Сапа менеджменті тұтынушылардың талаптарын орындауға және олардың күткен нәтижесінен асып кетуге бағытталған.

2.3.1.2 Негіздеме

Тұрақты табысқа ұйым тұтынушылардың және басқа мүдделі тараптардың сеніміне ие болған және сақтаған жағдайда қол жеткізіледі. Тұтынушылармен әрбір өзара әрекет аспектісі тұтынушы үшін үлкен құндылық жасау мүмкіндігін береді. Тұтынушылар мен басқа мүдделі тараптардың осы және болашақтағы мұқтаждықтарын түсіну ұйымның тұрақты табысқа қол жеткізуіне үлес қосады.

2.3.1.3 Негізгі артықшылықтар

Өлеуетті негізгі артықшылықтарға мыналар жатады:

- тұтынушылар үшін құндылықтың ұлғаюы;
- тұтынушылардың қанағаттануының артуы;
- тұтынушылардың бейілділігінің артуы;
- қайталама мәміленің ұлғаюы;
- ұйым беделінің артуы;
- тұтынушылық базаның кеңеюі;
- кірістің өсуі және нарық үлесінің артуы.

2.3.1.4 Ықтимал әрекеттер

Ықтимал әрекеттерге мыналар кіреді:

- ұйымнан құндылық алатын тікелей және жанама тұтынушыларды анықтау;
- тұтынушылардың осы және болашақтағы мұқтаждықтары мен үмітін түсіну;
- ұйым мақсатының тұтынушылардың мұқтаждықтарымен және үмітімен үйлесімі;
- тұтынушылардың мұқтаждығы мен үмітін мұқтаждығы мен үмітін ұйым персоналына жеткізу;
- тұтынушылар мұқтаждығы мен үмітін қанағаттандыру үшін өнімді жоспарлау, жобалау, әзірлеу, өндіру, жеткізу және қызмет корсету мен қызмет корсету;
- тұтынушылардың қанағаттануын өлшеу және мониторинг жасау, тиісті іс-әрекеттерді қолдану;
- тұтынушылардың қанағаттануына ықпал ететін мүдделі тараптардың мұқтаждығы мен үмітіне қатысты әрекеттерді анықтау және қолдану;
- тұрақты табысқа қол жеткізу үшін тұтынушылармен өзара қатынастың белсенді менеджменті.

2.3.2 Көшбасшылық

2.3.2.1 Тұжырымда

Ұйымның барлық деңгейінде көшбасшылар ұйым қызметінің бағыты

мен мақсат бірлігін қамтамасыз етеді және персонал сапа саласында ұйым мақсатына қол жеткізу үшін өзара әрекеттесетін жағдайлар жасайды.

2.3.2.2 Негіздеме

Мақсат бірлігін, қызмет бағыты мен персоналдың өзара әрекеттесуін құру ұйымға өз мақсатына қол жеткізу үшін стратегияларының, саясаттарының процестер мен ресурстарының үйлесімділігін қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді.

2.3.2.3 Негізгі артықшылықтар

Әлеуетті негізгі артықшылықтарға мыналар жатады:

- сапа саласында ұйым мақсатына қол жеткізуде нәтижелілік пен тиімділікті арттыру;
- ұйым процестерінің ең жақсы үйлесімділігі;
- ұйым деңгейлері мен функциялары арасында ақпаратпен алмасудың жақсаруы;
- ұйым мен оның персоналының қажетті нәтижелерге қол жеткізу қабілетін дамыту және жақсарту.

2.3.2.4 Ықтимал әрекеттер

Ықтимал әрекеттерге мыналар кіреді:

- ұйым персоналына миссияны, көріністі, стратегияны, саясат пен процестерді жеткізу;
- ұйымның барлық деңгейлерінде жалпы құндылықты, бейтараптылықты және әрекет етудің этикалық үлгісін құру және қолдау;
- сенім мен әділдік атмосферасын қалыптастыру;
- барлық ұйымның сапаға бейілділігін қолдау;
- барлық деңгейдегі көшбасшылар ұйым персоналы үшін оң мысал болып табылатынын қамтамасыз ету;
- персоналды қызметті жауапкершілікпен жүзеге асыру үшін қажетті ресурстармен, дайындықпен және өкілеттіктермен қамтамасыз ету;
- персонал үлесін жігерлендіру, ынталандыру және мойындау.

2.3.3 Қызметкерлердің өзара әрекеттесуі

2.3.3.1 Тұжырымда

Ұйым үшін барлық қызметкерлер құзыретті, өкілеттікке ие болуы және құндылықты құруға қатысуы өте маңызды. Құзыретті, өкілеттікке ие және өзара әрекеттесетін қызметкерлер ұйымның барлық деңгейінде оның құндылықты құру қабілетін арттырады.

2.3.3.2 Негіздеме

Ұйымды тиімді және нәтижелі басқару үшін ұйымның барлық деңгейінде бүкіл қызметкерді құрметтеп, тарту өте маңызды. Тану, өкілеттіктер беру және дағдылары мен білімін марапаттау ұйым мақсаттарына қол жеткізу үшін қызметкерлердің өзара әрекет етуіне ықпал етеді.

ҚР СТ ISO 9000-2017

2.3.3.3 Негізгі артықшылықтар

Әлеуетті негізгі артықшылықтарға мыналар жатады:

- қызметкерлердің сапа саласында ұйым мақсатын түсінуін арттыру және осы мақсатқа қол жеткізу үшін ынтаны күшейту;
- қызметкерлердің жақсарту бойынша іс-әрекеттерге тартылуын арттыру;
- жеке бастың дамуын, бастама мен жасампаздықтың туындауын арттыру;
- қызметкерлердің қанағаттануын арттыру;
- бүкіл ұйымда сенім мен өзара ынтымақтастықты арттыру;
- бүкіл ұйымда жалпы құндылықтар мен мәдениетке көңіл бөлуді арттыру.

2.3.3.4 Ықтимал әрекеттер

Ықтимал әрекеттерге мыналар жатады:

- жеке үлесінің маңыздылығын түсінуді қамтамасыз ету үшін қызметкерлермен қарым-қатынас орнату;
- барлық ұйым бойынша серіктестікке ықпалдасу;
- ашық талқылау мен білім мен тәжірибе алмасуға ықпалдасу;
- қызметкерлерге бастама қорсету қорқынышсыз және жұмыстағы бір жақты орындарды анықтау құзыретін беру;
- қызметкерлер үлесі, білімі мен дамуын мойындау және растау;
- қызметкерлердің өз жеке мақсаттарымен салыстырғанда қызметіне өзара бағалау жүргізу мүмкіндігін ұсыну;
- қызметкерлердің қанағаттануына зерттеу өткізу, нәтижелерді жеткізу мен сәйкес әрекеттерді жүзеге асыру.

2.3.4 Процестік тәсіл

2.3.4.1 Анықтама

Жүйелі және болжамды нәтижелер қызмет келісілген жүйе ретінде қызмет ететін өзара байланысты процестер ретінде көрсетіліп және басқарылған жағдайда тиімдірек және нәтижелі болады.

2.3.4.2 Негіздеме

Сапа менеджменті жүйесі өзара байланысты процестерден тұрады. Осы жүйемен нәтижелер қалай құрылатынын түсіну ұйымға жүйені және оның қызмет нәтижелерін өзектендіруге мүмкіндік береді.

2.3.4.3 Негізгі артықшылықтар

Ықтимал негізгі артықшылықтарға жатады:

- жақсартуға арналған мүмкіндіктер мен түйінді процестерге күшті бағыттау қабілетін арттыру;
- келісілген процестер жүйесінде жүйелі және болжамды шығыстар;
- функцияаралық кедергілерді азайту және ресурстарды тиімді қолдану, процестердің нәтижелі менеджменті арқылы қызметті өзектендіру;
- ұйымның қызметтің келісілгендігі, нәтижелілігі мен тиімділігіне қатысты мүдделі тараптардың сенімін қамтамасыз ету мүмкіндігі.

2.3.4.4 Ықтимал әрекеттер

Ықтимал әрекеттер тұрады:

- жүйе мақсаттары мен оларға қол жеткізу үшін қажетті процестерді анықтау;
- процестер менеджментінің жүзеге асыру үшін құзыреттілік, жауапкершілік пен есеп берушілікті белгілеу;
- әрекеттерді жүзеге асыру басталғанға дейін ресурстар бойынша шектеуді анықтау және ұйым мүмкіндіктерін түсіну;
- процестердің өзара тәуелділігін анықтау және жеке процес өзгерісінің толығымен жүйеге ықпалын талдау;
- сапа саласында ұйым мақсатына нәтижелі және тиімді қол жеткізу үшін процестер менеджментін және олардың жүйе ретінде өзара байланысын жүзеге асыру;
- процестердің қызмет етуі мен жақсаруы, сондай ақ, негізінде жүйе қызметінің нәтижелері мониторингі, талдау және бағалау өткізу үшін қажетті ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- сапа менеджменті жүйесінің жалпы шығыстары мен процестер шығыстарына ықпал ететін қауіп менеджментін жүзеге асыру.

2.3.5 Жақсару

2.3.5.1 Тұжырымдама

Табысты ұйымдар тұрақты түрде жақсаруға бағытталған.

2.3.5.2 Негіздеме

Жақсару жаңа мүмкіндіктерді құру және ішкі және сыртқы шарттармен байланысты өзгерістерге ықпал ету, қызметті жүзеге асырудың қазіргі деңгейін сақтау және қолдау үшін ұйымға қажет.

2.3.5.3 Негізгі артықшылықтар

Ықтимал негізгі артықшылықтарға жатады:

- процес нәтижелері, ұйым мүмкіндіктерін жақсарту мен тұтынушылардың қанағаттануын арттыру;
- әрі қарайғы сақтандыру және түзету әрекеттерімен бірге түйінді себепті анықтау және зерттеуге назар салу;
- ішкі және сыртқы мүмкіндіктер мен қауіптерді болжау және әрекет ету қабілетін арттыру;
- жүйелі және үздік жақсаруларды тереңірек қарастыру;
- жақсартуға арналған білімді тиімдірек қолдану;
- бастамаға ниетін арттыру.

2.3.5.4 Мүмкін әрекеттер

Мүмкін әрекеттер тұрады:

- ұйымның барлық деңгейінде жақсарту бойынша мақсаттарды белгілеуге жәрдемдесу;
- жақсарту бойынша мақсатқа қол жеткізу әдістемесі мен негізгі құрал-жабдықтарды қолдану бойынша қызметкерлерді базалық деңгейде оқыту және дайындау;

ҚР СТ ISO 9000-2017

- жақсарту бойынша жобаларды сәтті жүргізу және орындауға арналған қызметкерлердің құзыреттілігін қамтамасыз ету;

- ұйымға жақсарту бойынша жобаларды енгізуге арналған процестерді әзірлеу және тарату;

- жақсарту бойынша жобаларды талдау, зерттеу және жоспарлау, енгізу, аяқталуы мен нәтижелерін тексеру;

- жаңа немесе түрленген өнім, қызметтер мен процестерді әзірлеуде жақсартуды қарастыруды түсіндіру;

- жақсартуды мойындау және растау.

2.3.6 Куәлікке негізделген шешімдерді қабылдау

2.3.6.1 Анықтама

Мәліметтер мен ақпараттарды бағалау мен талдауға негізделген шешімдер көп жағдайда қажетті нәтижені жасайды.

2.3.6.2 Негіздеме

Шешім қабылдау күрделі процес және онымен кейбір белгісіздік байланысты. Ол көптеген түрлер мен бастапқы мәліметтер көзін, сонымен қатар, субъективті сипатқа ие олардың түсіндірмесін жиі қатыстырады. Себепті зерттеу байланыстары мен олардың жоспарланбаған салдарын түсіну маңызды. Фактілер, куәліктер мен мәліметтерді талдау көп жағдайда қабылданған шешімге деген сенімділік пен дәлдікке алып келеді.

2.3.6.3 Негізгі артықшылықтар

Ықтимал негізгі артықшылықтарға жатады:

- шешім қабылдау процесін жақсарту;

- мақсатқа қолжеткізу қабілеті мен процес нәтижелерін бағалауды арттыру;

- жұмыс нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру;

- талдау, тапсырма қою және көзқарастар мен шешімдерді алмастыру қабілетін арттыру;

өткен шешімдер нәтижелерін көрсету қабілетін арттыру.

2.3.6.4 Мүмкін әрекеттер

Мүмкін әрекеттер тұрады:

- ұйым қызметінің нәтижелерін көрсетуге арналған түйінді көрсеткіштер мониторингін анықтау, өлшеу және өткізу;

- сәйкес қызметкерлер үшін барлық қажетті ақпараттардың қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- мәліметтер мен ақпараттың дәлдігі, сенімділігі мен қауінсіздігіне нақтылықты қамтамасыз ету;

- лайықты әдістерді қолдану арқылы мәліметтер мен ақпараттарды талдау және бағалау;

- қажетінше мәліметтерді бағалау мен талдау саласында қызметкерлер құзыреттілігін қамтамасыз ету;

- тәжірибе мен сезгіштік есебінен теңестірілген нақтылы мәліметтер негізінде шешім қабылдау және әрекеттерді орындау.

2.3.7 Өзара қарым-қатынас менеджменті

2.3.7.1 Анықтама

Тұрақты табысқа қол жеткізу үшін ұйым жеткізушілер секілді сәйкес мүдделі тараптарымен өзара қарым-қатынасты басқарады.

2.3.7.2 Негіздеме

Мүдделі тараптар ұйым қызметінің нәтижесіне ықпал етеді. Тұрақты табысқа көп жағдайда ұйым өз мүдделі тараптарымен қарым-қатынасты олардың өз қызмет нәтижелеріне ықпалын өзектендіру үшін басқарған жағдайда қол жеткізіледі. Жеткізушілер мен серіктестер арасындағы өзара қарым-қатынас менеджменті ерекше маңыздылыққа ие.

2.3.7.3 Негізгі артықшылықтар

Ықтимал негізгі артықшылықтарға жатады:

- әр мүдделі тарапқа қатысты шектеулер мен мүмкіндіктерге әрекет ету арқылы сәйкес мүдделі тараптар мен ұйым қызметінің нәтижесін жақсарту;
- мүдделік тараптардың мақсаты мен құндылығын жалпы түсіну;
- сапамен байланысты қауіпке қатысты менеджментті жүзеге асыру, құзыреттілік пен ресурстарды бірге қолдану арқылы мүдделі тараптар үшін құндылық әзірлеу қабілетін арттыру;
- өнім мен қызмет көрсетудің тұрақты ағымын қамтамасыз етуге арналған жақсы басқарылатын жеткізу тізбегі.

2.3.7.4 Мүмкін әрекеттер

Мүмкін әрекеттер тұрады:

- сәйкес мүдделі тараптар (жеткізушілер, серіктестер, тұтынушылар, инвесторлар, қызметкерлер немесе негізінде қоғам) және олардың ұйыммен қатынасын анықтау;
- менеджментті жүзеге асыру үшін өзара қатынастардың қажетті бағыттарын анықтау;
- ұзақ мерзімді факторлар мен қысқа мерзімді мақсаттар арасында сақталатын қатынастарды орнату;
- сәйкес мүдделі тараптармен ресурстар және тәжірибе, ақпаратпен алмасу және жинау;
- қызмет нәтижесін өлшеу және жақсарту бойынша бастаманы өзектендіру үшін мүдделі тараптарға дейін қажетінше жеткізу;
- жеткізушілер, серіктестер мен басқа мүдделі тараптармен жақсарту және дамыту бойынша бірге қызметті ұйымдастыру;
- жеткізушілер мен серіктестердің жақсартуы мен жетістіктері марапаттау және тану.

2.4 Негізгі ұғымдар мен принциптерді қолдану арқылы сапа менеджменті жүйесін әзірлеу

2.4.1 Сапа менеджменті жүйесінің үлгісі

2.4.1.1 Жалпы ережелер

Ұйым тірі және оқытушы әлеуметтік ағзалар ретінде адамдармен

ҚР СТ ISO 9000-2017

көптеген жалпы сипаттамаға ие. Екеуі де бейімді болып табылады және жүйелер, процестер мен әрекеттерден тұрады. Өзгеретін ортаға бейімделу үшін олар өзгеру қабілетін қажет етеді. Ұйымға жедел жақсаруға қолжеткізу үшін инновациялар енгізіледі. Ұйымның СМЖ үлгісі кейбір жүйелер, процестер мен әрекеттер анықталмағандығын ескереді; сондықтан да, ұйымның күрделі ортасына иілімді және бейімді болу қажет.

2.4.1.2 Жүйе

Ұйымдар сәйкес мүдделі тараптардың қажеттілігі мен үмітін анықтау үшін өзінің ішкі және сыртқы ортасын түсінуді қалайды. Бұл ақпарат ұйымның тұрақтылығына қолжеткізу үшін СМЖ әзірлеу барысында қолданылады. Бір процестің шығысы басқа процестер үшін кіріс бола алады, және өзара жалпы желімен байланысты. Ұйым сәйкес процестерге ие болатындығынан әр ұйым мен СМЖ ерекше болып табылады.

2.4.1.3 Процестер

Ұйымда анықталатын, өлшенетін және жақсартылатын процестерге ие. Бұл процестер ұйым мақсатына сәйкес келетін нәтижелерге қолжеткізу үшін өзара әрекеттеседі және функциональдық шектерді кесіп өтеді. Кейбір процестер маңызды мәнге ие, ал басқасы жоқ. Процестерді түзетін әрекеттер кірісті шығысқа ауыстырады.

2.4.1.4 Қызмет

Қызметкерлер процесс барысында күнделікті жұмыстарын орындау үшін байланысады. Кейбір әрекеттер бұйырылған болып табылады және ұйым мақсатын түсінуге байланысты, бұл ретте басқалардың сипаты мен орындалуы сыртқы түрткі болған ниетке реакция болып табылады.

2.4.2 Сапа менеджменті жүйесін әзірлеу

Сапа менеджменті жүйесі жақсару кезеңінен өтетін ұзақ мерзім барысында дамитын динамикалық жүйе болып табылады. Әр ұйым ресми жоспарланған немесе жоспарланбағанына тәуелсіз сапа менеджменті бойынша әрекеттерді атқарады. Осы стандарт осы қызмет менеджменті үшін дұрыс рәсімделген жүйенің қалай әзірленетіні бойынша жетекші нұсқаулықтарды көрсетеді. Ұйым атқарып жатқан қызмет пен оның ұйым ортасына қаншалықты сәйкес келетіндігін анықтау қажет. Осы стандарт пен ISO 9001 ұйымда байланысқан сапа менеджменті жүйесін әзірлеу барысында көмек ретінде қолданылады.

Дұрыс рәсімделген сапа менеджменті жүйесі сапа менеджменті саласында қызмет нәтижелерін жоспарлау, орындау, мониторингі мен жақсартуға арналған негіздемені қамтамасыз етеді. Сапа менеджменті жүйесі күрделі болмауы тиіс, бірақ ұйым қажеттіліктерін нақты көрсетуі тиіс. Сапа менеджменті жүйесін әзірлеуде осы стандартта берілген негізгі ұғымдар мен принциптер құнды жетекші нұсқаулықтар болады.

СМЖ жоспарлау – бір ретті қызмет емес, ұзақ процес. Ұйымның оқытылуы мен жағдайлардың өзгеруіне байланысты ұйым жоспарлары да дамиды. Жоспар сапа саласында қызметтің барлық түрлерінен тұрады,

сонымен қатар, ISO 9001 талаптары мен осы стандарттың барлық жетекші нұсқаулықтарын қамтиды. Жоспар бекітілгеннен кейін енгізіледі.

Ұйым үшін тұрақты түрде мониторинг өткізу және жоспар мен сапа менеджменті жүйесінің қызмет нәтижелерін енгізуді бағалау маңызды. Мұқият ойластырылған көрсеткіштер мониторинг өткізу мен қызметті бағалауды жеңілдетеді.

Аудит талаптардың орындалуын белгілеу мен қауіпті анықтау мақсатында СМЖ нәтижелілігін бағалау құралы болып табылады. Аудит тиімді болу үшін материалды және материалды емес куәліктерді жинау қажет. Сонымен қатар түзету әрекеттері мен жиналған куәліктерді талдауға негізделген жақсарту әрекеттерді қолданылуы тиіс. Жиналған мәліметтер сапа менеджменті жүйесін ең жоғары деңгейге жақындата отырып, инновацияларға әкеледі.

2.4.3 Сапа менеджменті жүйесінің стандарттары, басқа менеджмент жүйелері мен жетілгендік үлгілері

ISO/TC 176 техникалық комитетпен әзірленген сапа менеджменті жүйесі стандарттарында, сонымен қатар, менеджмент саласындағы және ұйымның жетілгендік үлгілерінің басқа стандарттарында сипатталған сапа менеджменті жүйесінің тәсілдері жалпы қағидамен негізделеді. Олардың барлығы ұйымға қауіптер мен мүмкіндіктерді сәйкестендіруге мүмкіндік береді және жақсарту бойынша жетекші нұсқаулықтардан тұрады. Осы мәнмәтінде жаңартпа, этика, сенім мен бедел секілді көптеген сауалдар СМЖ аясындағы сипаттама ретінде қарастырылады. Сапа менеджменті (мысалы, ISO 9001), экологиялық менеджмент (мысалы, ISO 14001), энергетикалық менеджментке (мысалы, ISO 50001) қатысты стандарттар, сондай-ақ, менеджмент саласы мен ұйымның жетілгендік үлгісі саласындағы стандарттар осы сұрақтарды қарастырады.

ISO/TC 176 әзірленген сапа менеджменті жүйесінің стандарттары СМЖ жетекші нұсқаулықтар мен талаптардың толық жиынынан тұрады. ISO 9001 СМЖ қойылатын талаптарды орнатады. ISO 9004 қызмет нәтижесін жақсарту және тұрақты табыс үшін СМЖ мақсаттарының кең спектрі бойынша жетекші нұсқаулықтардан тұрады. СМЖ элементтері бойынша жетекші нұсқаулықтар ISO 10001, ISO 10002, ISO 10003, ISO 10004, ISO 10008, ISO 10012 және ISO 19011 стандарттардан тұрады. СМЖ қолдауда техникалық мәселелер бойынша жетекші нұсқаулықтар ISO 10005, ISO 10006, ISO 10007, ISO 10014, ISO 10015, ISO 10018 және ISO 10019 стандарттардан тұрады. СМЖ қолдауда техникалық есептер ISO/TO 10013 және ISO/TO 10017 стандарттардан тұрады. Сондай ақ, СМЖ талаптары ISO/TY 16949 секілді салалық стандарттардан тұрады.

СМЖ қосқанда, ұйымның менеджмент жүйесінің түрлі бөліктері бірыңғай менеджмент жүйесіне біріктіріледі. Сапа, өсім, қаржыландыру, табыс, қоршаған орта, еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты қорғау, энергетика, қауіпсіздік пен ұйымның басқа да аспектілеріне қатысты

ҚР СТ ISO 9000-2017

мақсаттар, процестер мен ресурстарға СМЖ басқа менеджмент жүйелерімен біріктірілгенде нәтижелі және тиімді қол жеткізіледі және қолданылады. Ұйым менеджмент жүйесінің ISO 9001, ISO 14001, ISO 31000 және ISO 50001 секілді бірнеше стандарттар талаптарына сәйкестігіне кешенді аудит өткізеді.

ЕСКЕРТПЕ – ISO «Менеджмент жүйесіне стандарттарды кешенді қолдану» оқу құралы пайдалы жетекші нұсқаулықтарды көрсетеді.

3 Терминдер мен анықтамалар

3.1 Тұлғалар немесе адамдарға қатысты терминдер

3.1.1 Жоғары басшылық (top management): Басшылық **en:** Top management тобы (3.2.1), жоғары басшылық ұйымның осы бөлігін **ru:** Высшее басқаратын және басшылық жүргізетінді білдіреді **руководство**

ЕСКЕРТПЕЛЕР

1 Жоғары басшылықтың ұйым шеңберінде өкілеттікті беруге және ресурстарды ұсынуға құқылы.

2- Егер менеджмент жүйесін (3.5.3) қолдану саласы ұйымның бір бөлігін ғана қамтыса, ұйымның осы бөлігіне басшылық ететіндер және басқаратындар жоғары басшылық деп ұғынылады.

3 Термин ISO/IEC Директива, 1-бөлім ISO Құрама қосымшаларға SL қосымшасында келтірілген менеджмент жүйесіне ISO стандарттарға арналған жалпы терминдер мен анықтамалар қатырың бірі болып табылады.

3.1.2 Сапа менеджменті жүйесі бойынша кеңесші (quality management system consultant): Сапа менеджменті жүйесін әзірлеуде (3.4.3) ұйымға көмектесетін (3.2.1) ақпарат немесе ұсынысты көрсететін (3.8.2) тұлға. **en:** quality management system consultant **ru:** консультант по системе менеджмента качества

ЕСКЕРТПЕЛЕР

1 Сапа менеджменті жүйесі бойынша кеңес беру сапа менеджменті жүйесінің жеке бөліктерін әзірлеуде көмек болады (3.5.4).

2 ISO 10019:2005 сапа менеджменті жүйесі бойынша құзыретті кеңес берушіні құзыретсіз кеңес берушіден айыруға қатысты жетекші нұсқаулықтардан тұрады.

3.1.3 Тарту (involvement): Қызмет, жағдай немесе оқиғаға қатысу. **en:** involvement **ru:** вовлеченность

3.1.4 Өзара әрекет ету (engagement): Жалпы мақсатқа қол жеткізу үшін (3.7.1) қызметке қатысу (3.1.3) және үлес қосу.

en: engagement
ru: **задействованность**

3.1.5 Конфигурацияны бақылау тобы (configuration control board): Конфигурация туралы шешім қабылдау бойынша жауапкершілік артылған қажетті өкілеттікке ие тұлға немесе тұлғалар тобы (3.10.6).

en: configuration authority, configuration control board, dispositioning authority
ru: **группа контроля за конфигурацией**

Ескертпе

Өкілеттікті таратуда ұйым ішінен (3.2.3) және тыс (3.2.1) сәйкес мүдделі тараптарды ескеру қажет.

3.1.6 Даулы мәселелерді реттеуші өкіл (dispute resolver): Даулы мәселелерді шешуде (3.9.6) тараптарға көмек көрсету үшін ДМРП-провайдармен (3.2.7) тағайындалған тұлға.

en: dispute resolver
ru: представитель по урегулированию спорных вопросов

МЫСАЛ Шарт бойынша жұмыс істейтін қызметкерлер, еріктілер, персонал (3.4.7).

3.2 Ұйымға қатысты терминдер

3.2.1 Ұйым (organization): Өз мақсатына қол жеткізу үшін өз функцияларын орындайтын және өкілеттік, жауапкершілікке ие нақты қарым қатынаспен байланысты тұлға немесе адамдар тобы (3.7.1).

en: organization
ru: организация

ЕСКЕРТПЕЛЕР:

1 Ұйым ұғымы мынандай мысалдардан тұрады, бірақ шектелмейді: жеке кәсіпкер, компания, фирма, кәсіпорын, билік органы, серіктестік, қауымдастық (3.2.8), қайырымдылық қоры, сонымен қатар, заңды тұлға немесе мемлекеттік немесе жеке болып табылатын бірлестіктері немесе бөліктері.

ҚР СТ ISO 9000-2017

2 Термин ISO/IEC Директива, 1-бөлім ISO Құрама қосымшаларға SL қосымшасында келтірілген менеджмент жүйесіне ISO стандарттарға арналған жалпы терминдер мен анықтамалар қатарының бірі болып табылады. Бастапқы анықтама 1-ескертпе өзгерістері арқылы түрленген.

3.2.2 Ұйым ортасы (context of the organization): **en:** context of the organization
Ұйымның (3.2.1) мақсат қоюға және оған қол жеткізуге (3.7.1) the
ықпал ететін ішкі және сыртқы факторлардың үйлесімі. organization
ru: среда
организации

ЕСКЕРТПЕЛЕР:

1 Ұйым мақсаттары оның өнімі (3.7.6) мен қызметіне (3.7.7), қаржысы мен мүдделі тараптарға (3.2.3) қатысты әрекетіне қатысты болады.

2 Ұйым ортасы ұғымы коммерциялық емес ұйым немесе мемлекеттік қызмет көрсететін ұйым үшін, сонымен қатар, табыс алу үшін құрылған ұйымдар үшін бірдей жағдайда қолданылады.

3 Енгізуге арналған: Орыс тілінде бұл ұғым бизнес орта, ұйымдастыру ортасы немесе ұйымның экожүйесі секілді басқа терминдермен көрсетіледі.

4 Енгізуге арналған: Инфрақұрылым ұғымы ұйым ортасын анықтауда көмектеседі (3.5.2).

3.2.3 Мүдделі тарап, стейкхолдер (interested party): **en:** interested party
Қызметті жүзеге асыру немесе шешім қабылдауда ықпал party
ететін, олардың ықпалына түсе алатын немесе өзін **ru:**
соңғысы ретінде қабылдайтын ұйым (3.2.1) немесе тұлға. заинтересованная
сторона,
стейкхолдер

МЫСАЛ Тұтынушылар (3.2.4), меншік иесі, ұйымдағы қызметкерлер, жеткізушілер (3.2.5), банкир, реттеуші органдар, одақтар, серіктестер немесе кері әрекеттесу топтары немесе бәсекелестерден тұратын қоғам.

ЕСКЕРТПЕ

Термин ISO/IEC Директива, 1-бөлім, ISO Құрама қосымшаларға SL қосымшасында келтірілген менеджмент жүйесіне ISO стандарттарға арналған жалпы терминдер мен анықтамалар қатарының бірі болып табылады. Бастапқы анықтама мысалдарды қосу арқылы түрленген.

3.2.4 Тұтынушы (customer): Осы тұлға немесе ұйыммен **en:** customer
тағайындалған немесе талап етілетін қызмет (3.7.7) немесе **ru:**
өнім (3.7.6) алатын немесе ала алатын ұйым (3.2.1) немесе потребитель
тұлға.

МЫСАЛ

Тұтынушылар (3.2.4), меншік иесі, ұйымдағы қызметкерлер, жеткізушілер (3.2.5), банкир, реттеуші органдар, одақтар, серіктестер немесе кері әрекеттесу топтары немесе бәсекелестерден тұратын қоғам.

ЕСКЕРТПЕ

Термин ISO/IEC Директива, 1-бөлім ISO Құрама қосымшаларға SL қосымшасында келтірілген менеджмент жүйесіне ISO стандарттарға арналған жалпы терминдер мен анықтамалар қатарының бірі болып табылады. Бастапқы анықтама мысалдарды қосу арқылы түрленген.

3.2.5 Провайдер, жеткізуші (provider): Өнім (3.7.6) немесе қызмет (3.7.7) көрсететін ұйым (3.2.1).
en: provider
ru: провайдер, жеткізуші

МЫСАЛ

Дайындаушы, дистрибьютор, жеке сауда ұйымы немесе өнім немесе қызмет сатушы.

ЕСКЕРТПЕ

1 Жеткізуші ұйымға қатысты ішкі немесе сыртқы болады.

2 Нақты жағдайда жеткізушіні кейде «мердігер» деп атайды.

3.2.6 Сыртқы провайдер, сыртқы жеткізуші (external provider): Ұйым (3.2.1) бөлігі болып табылмайтын жеткізуші (3.2.5).
en: external provider)
ru: внешний провайдер, внешний поставщик

МЫСАЛ Дайындаушы, дистрибьютор, жеке сауда ұйымы немесе өнім (3.7.6), қызметтер (3.7.7) сатушысы.

3.2.7 ДМРП-провайдер, даулы мәселелерді реттеу процесінің провайдері (DRP-provider): Басқаратын ұйымнан тыс даулы мәселелерді (3.9.6) реттеу процесін (3.4.1) ұйымдастыратын және орындайтын тұлға немесе ұйым (3.2.1).
en: DRP-provider
ru: ПУСВ-провайдер, провайдер процесса урегулирования спорных вопросов

ЕСКЕРТПЕ:

1 Әдетте, ДМРП-провайдер ұйым немесе жеке тұлғаға, сонымен қатар талапкерге тәуелсіз заңды тұлға болып табылады. Сондықтан да тәуелсіздік пен әділдік секілді қасиеттерге ерекше мән беріледі. Кейбір жағдайда ұйым аясында наразылықтармен жұмыс істеу бойынша жеке бөлімше құрылады (3.9.3).

2 ДМРП-провайдер даулы мәселелерді реттеуді қамтамасыз ету үшін тараптармен шарт (3.4.7) бекітеді және қызмет нәтижесі (3.7.8) бойынша есеп береді. ДМРП-провайдер даулы мәселелерді реттеу бойынша өкілдерді (3.1.6) тағайындайды. ДМРП-провайдер қаржылық ресурстарды қамтамасыз ету, кеңселік қолдау, жоспарлау кезінде көмек, оқыту, ғимараттар, бақылау мен басқа да ұқсас функцияларды орындау үшін қосымша, атқарушы және басқа да мамандарды қолданады.

ҚР СТ ISO 9000-2017

3 ДМРП-провайдер коммерциялық емес, коммерциялық және қоғамдық ұйымдарды қосқанда, түрлі формаға ие. Қауымдастықтар (3.2.8) ДМРП-провайдер бола алады.

4 ISO 10003:2007 «ДМРП-провайдер» термин орнына «провайдер» термині қолданылады.

3.2.8 Қауымдастық (association): Мүшелері басқа ұйымдар немесе тұлғалар болып табылатын ұйым (3.2.1).
en: association
ru: ассоциация

3.2.9 Метрологиялық функция (metrological function): Өлшеу менеджменті жүйесін (3.5.7) енгізу мен анықтауға әкімшілік және техникалық жауапты функциональдық бірлік.
en: metrological function
ru: метрологическая функция

3.3 Қызметке қатысты терминдер

3.3.1 Жақсарту (improvement): Қызмет нәтижелерін (3.7.8) жақсарту әрекет.
en: improvement
ru: улучшение

ЕСКЕРТПЕ

Әрекеттер қайталама немесе бір ретгі әрекеттер болады.

3.3.2 Үнемі жақсарту (continual improvement): Қызмет нәтижелерін (3.7.8) жақсарту бойынша қайталанатын қызмет.
en: continual improvement
ru: постоянное улучшение

ЕСКЕРТПЕЛЕР:

1 Мақсаттарды (3.7.1) белгілеу және жақсарту мүмкіндігін іздеу (3.3.1) процестері (3.4.1) аудит бақылауы (3.13.9) мен аудит нәтижесі бойынша қорытынды (3.13.10), мәліметтерді (3.8.1) талдау, басшылық тарапынан талдау (3.11.2) немесе басқа құралдарды қолданатын және әдетте түзету әрекеттері (3.12.2) немесе сақтандыру әрекеттеріне (3.12.1) әкелетін тұрақты процесс болып табылады.

2 Термин ISO/IEC Директива, 1-бөлім, ISO Құрама қосымшаларға SL қосымшасында келтірілген менеджмент жүйесіне ISO стандарттарға арналған жалпы терминдер мен анықтамалар қатарының бірі болып табылады. Бастапқы анықтама 1-ескертпе өзгерістері арқылы түрленген.

3.3.3 Менеджмент (management): Ұйымға (3.2.1) басшылық ету және басқару бойынша үйлестірілген қызмет.
en: management

ru:

менеджмент

ЕСКЕРТПЕЛЕР

1 Менеджмент осы мақсатқа қол жеткізу үшін процестер (3.4.1) мен мақсат (3.7.1), саясатты (3.5.8) белгілеуден тұрады.

2 «Менеджмент» термині кейде адамдарға қатысты, яғни, ұйымды басқару және басшылыққа арналған өкілеттік пен жауапкершілікке ие тұлға немесе тұлғалар тобы. «Менеджмент» термині осы мағынада қолданылғанда, жоғарыда анықталған әрекеттер кешені ретінде «менеджмент» түсінігімен шатастырып алуды болдырмау үшін нақты сөздермен әрқашан қолданады. Мысалы, «менеджмент... тиіс» сөз тіркесін «жоғары басшылық(3.1.1)... тиіс» қолданылған жағдайда пайдаланбаған жөн.

Басқа жағдайларда, егер хабар адамдар туралы айтылса, негізгі мағынасын беру үшін басқа сөзді пайдаланған жөн, мысалға «администрация мамандары» немесе «менеджерлер».

3.3.4 Сапа менеджменті (quality management): Сапаға (3.6.2) қатысты менеджмент (3.3.3).

en: quality

management

ru:

менеджмент

качества

ЕСКЕРТПЕ

Сапа менеджменті сапа саласындағы саясатты (3.5.9), сапа саласындағы мақсаттарын (3.7.2) және процестерін (3.4.1) осы мақсаттарға сапаны жоспарлау (3.3.5), сапаны қамтамасыз ету (3.3.6), сапаны басқару (3.3.7) және сапаны жақсарту (3.3.8) арқылы қол жеткізу үшін әзірлеуді қамтиды.

3.3.5 Сапаны жоспарлау (quality planning): Сапа (3.7.2) саласында мақсаттарды белгілеуге бағытталған және қажетті операциялық процестерді (3.4.1) және сапа саласында мақсаттарға қол жеткізу үшін тиісті ресурстарды анықтайтын сапа менеджменті (3.3.4) бөлігі.

en: quality

planning

ru:

планирование

качества

ЕСКЕРТПЕ. Сапа жоспарын (3.8.9) әзірлеу сапаны жоспарлаудың бір бөлімі болып табылады.

3.3.6 Сапаны қамтамасыз ету (quality assurance): Сапаға қойылатын талаптар (3.6.5) орындалады деген сенімділікті қалыптастыруға бағытталған сапа менеджменті (3.3.4) бөлігі.

en: quality

assurance

ru:

обеспечение

качества

3.3.7 Сапаны басқару (quality control): Сапаға қойылатын талаптарды (3.6.5) орындауға бағытталған сапа менеджменті (3.3.4) бөлігі.

en: quality

control

ru:

3.3.8 Сапаны жақсарту (quality improvement): Сапаға қойылатын талаптарды (3.6.5) орындау қабілетін көтеруге бағытталған сапа менеджменті (3.3.4) бөлігі.

en: quality improvement
ru: улучшение качества

ЕСКЕРТПЕ

Сапаға қойылатын талаптар тиімділік (3.7.10), нәтижелік (3.7.11) немесе қадағалану (3.6.13) сияқты кез келген тараптарына жатқызылады.

3.3.9 Конфигурация менеджменті (configuration management): Конфигурацияны (3.10.6) қалыптастыруға және басқаруға бағытталған үйлестірілген қызмет.

en: configuration management
ru: конфигурационный менеджмент

ЕСКЕРТПЕ

Конфигурация менеджменті, әдетте, өнімді (3.7.6) немесе қызметті (3.7.7), сондай-ақ өнімнің барлық өмірлік циклінің барлық сатыларында өнім конфигурациясы туралы акпаратты (3.6.8) басқаруды белгілейтін және қолдайтын техникалық және ұйымдастыру қызметіне шоғырландырылған.

3.3.10 Өзгерістерді басқару (change control): Өнім конфигурациясы туралы акпаратты (3.6.8) ресми мақұлдағаннан кейін шығысты (3.7.5) басқару бойынша әрекет.

en: change control
ru: управление изменениями

3.3.11 Әрекет (activity): Жобадағы (3.4.2) жұмыстардың ең аз сәйкестендірілген элементі.

en: activity
ru: действие

3.3.12 Жоба менеджменті (project management): Жобаның (3.4.2) барлық аспектілері бойынша есептілікті жоспарлау, ұйымдастыру, мониторинг (3.11.3) жасау, басқару және ұсыну, сондай-ақ жоба мақсаттарына (3.7.1) қол жеткізуге тартылғандардың барлығын ынталандыру.

en: project management
ru: управление проектами

3.3.13 Конфигурация объектісі (configuration object): Түпкі функцияны орындауды қамтамасыз ететін

en: configuration

конфигурация (3.10.6) ішіндегі объект (3.6.1).

object
ru: объект
конфигурации

3.4 Процестерге қатысты терминдер

3.4.1 Процесс (process): Қойылған нәтижеге қол жеткізу үшін кірістерді пайдаланатын, бір-бірімен байланысты және(немесе) өзара әрекеттесетін қызмет түрлерінің жиынтығы. **en:** process **ru:** процесс

ЕСКЕРТПЕЛЕР:

1 Сөйлем мағынасына байланысты «Белгіленген нәтиже» шығыс (3.7.5), өнім (3.7.6) немесе қызмет (3.7.7) деп аталады.

2 Процеске кіріс деген негізінде басқа процестердің шығысы, ал процесс шығысы басқа процестердің кірісі болып табылады.

3 Екі немесе одан көп өзара байланысты немесе әрекеттесетін процестер бір процесс ретінде қарастырыла алады

4 Ұйымдағы (3.2.1) процестер, әдетте, құндылығын қосу мақсатында басқарылатын жағдайларда жоспарланады және жүзеге асырылады.

